

Түркістан облысы
Толыбай ауданының адами
капиталды дамыту бөлімінің
Т.Тогысбаев атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

Коммунальное Государственное
учреждение
«Общеобразовательная средняя
школа им.Т.Тогысбаева»
Отдела развития человеческого
потенциала
Толыбайского района
Туркестанской области

БҰЙРЫҚ
31.08.2021жыл

ПРИКАЗ
№ 125

Тасарық ауылы

с.Тасарық

2021-2022оқу жылының басталуына орай
пандемия кезіндегі
сыныптарда оқытуды ұйымдастыру туралы

Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге
байланысты шектеу шаралары кезінде орта білім беру ұйымдарында оқу
процесін іске асыру бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрінің 2020 жылғы 13тамыздағы № 345 бұйрығына
сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу
шаралары кезінде 2021-2022 оқу жылында даярлық топтары,1-11 сыныптар
оқушылары үшін санитарлық эпидемиологиялық талаптарды қатаң түрде сақтай
отырып, оқыту ұйымдастырылсын.Әрбір сынып тобында оқушы саны 25
бааладан аспауы қадағалансын. «Бір сынып –бір кабинет»қағидасы сақталынсын.
2.Шектеу шаралары кезінде оқытуды ұйымдастыру барысында мына аталған
міндеттер төмендегі қызметкерлерге жүктелінсін:

- әлеуметтік алшақтық үшін ауысымдарды ұлғайту және ауыстыру-сынып
жетекшілері
- білім алушылар мен педагогтардың,басқа қызметкерлердің физикалық
байланысын қысқарту-М.Асилбеков,директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары
- әлеуметтік алшақтықты қамтамасыз ету үшін мектеп алаңдарын
барынша пайдалану, кабинеттік жүйені жою, «бір сынып –бір кабинет»
бойынша оқыту - А.Касимов,директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары,сынып жетекшілері
- мектепке кіру кезінде білім алушылардың температурасын күнделікті
өлшеу –Ф.Маженова,мектеп медбикесі

-әр ауысымнан кейін, ауысымдар арасында дәліздерде сынып бөлмесінде ылғалды жинау, ажыратқыштарды, есік тұтқаларын, тұтқаларды, сүйеніштерді, баспалдақ марштарын, терезе төсеніштерін дезинфекциялау-техникалық қызметкерлер, А.Тулепбаев-директордың шаруашылық істері жөніндегі орынбасары - медициналық кабинеттер мен оқшаулағыштардың жұмыс істеуі (күн сайын температураны өлшеу, ауру белгілерін анықтау, ауырғандар анықталған жағдайда оқшаулау, сынып балаларының жағдайын бақылау) - Ф.Маженова, мектеп медбикесі

-қайнатылған ауыз сумен қамтамасыз етілуді қадағалау - мектеп медбикесі Ф.Маженоваға жүктелінсін.

-білім алушылардың бір бағытта қозғалуы үшін дәліздердегі едендегі белгілер, біреуі балаларды қабылдау үшін, екіншісі – балалардың сабақтан кейін кетуі үшін - Қ.Керімбаев, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері

-мектеп және ата-аналар арасындағы байланыс және білім алушылардың әлеуметтік жағдайлары – С.Мелдебеков, әлеуметтік педагог

3. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына жауапты-

А.Амирханов, директордың бейіндік оқу істері жөніндегі орынбасары

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Асилбековке жүктелінсін.

Мектеп директоры:

Н.Мушатов

Таныстым:



Түркістан облысы
Төлеби ауданының адами
әлеуетті дамыту бөлімінің
«Т.Тоғысбаев атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

Коммунальное Государственное
учреждение
«Общеобразовательная средняя
школа им.Т.Тоғысбаева»
Отдела развития человеческого
потенциала
Толембийского района
Туркестанской области

БҰЙРЫҚ
29.08.2022 жыл

ПРИКАЗ
№ 75

Тасарық ауылы

с.Тасарық

Төлеби ауданының орта білім беру ұйымдарында
2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын
және каникул кезеңдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
5-бабы 14- тармақшасына және Қазақстан Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы
3тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 25.08.2022 жылғы
№ 270 бұйрығына және Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
26.08.2022 жылғы № 168-п бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**
1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім
беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул
кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын;
1) 2022-2023 оқу жылының басталуы-2022 жылғы 1 қыркүйек;
2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда-35 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда-36
оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының
сіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс
күндеріне ауыстырылады.
3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері;
1-11 (12)-сыныптарда; күзгі каникул -7күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қараша
аралығында), қысқы каникул -9күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8
сәуір аралығында), көктемгі каникул-9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз
аралығында);
1-сыныптарда; қосымша каникул-7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).
2) Осы бұйрықты педагогикалық қызметкерлердің назарына жеткізу директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Асилбековке жүктелінсін.
3) Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
Негізі: Аудандық білім бөлімінің 26.08.2022 жылғы № 168-п бұйрығы

Мектеп директоры:

Н.Мушатов

Түркістан облысы
Толыбай аудандық білім
бөлімінің
«Т.Тогысбаев атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

Коммунальное Государственное
учреждение
«Общеобразовательная средняя
школа им.Т.Тогысбаева»
Отдел образования
Толыбайского района
Туркестанской области

БҰЙРЫҚ

29.08.2023 жыл

Тасарық ауылы

ПРИКАЗ

№ 70

с.Тасарық

Орта білім беру ұйымдарында
2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын
және каникул кезеңдерін айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 29
тамыздағы № 01-2-15/174-И хатын және Түркістан облысының білім
басқармасының 31.08.2023-ғы № 40-01-04/6669 хатын басшылыққа ала
отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып
белгіленді.

Сонымен қатар тоқсандар аралығындағы оқушылардың каникулдары
келесідей форматта айқындалады:

- 1) күзгі каникул - 7 күн (30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);
- 2) қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы
7 қаңтарды қоса алғанда);
- 3) көктемгі каникул - 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды
қоса алғанда).
- 4) 1-сыныптарда қосамша каникул - 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11
ақпанды қоса алғанда).

2. Осыған орай, Үлгілік оқу жоспарын басшылыққа ала басқа барлық жұмыс
жоспары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары және өзге де оқу-тәрбие
процесін ұйымдастыруға қатысты құжаттардың Әдістемелік нұсқау хатта
көрсетілген мерзімге сәйкес дайындалып, жүзеге асырылуы қамтамасыз
етілуі тиіс.

3. Педагогтерге жұмыс уақыттарын ұйымдастыруда «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі №153 бұйрығын басшылыққа алу ұсынылсын.

4. Осы бұйрықты педагогикалық қызметкерлердің назарына жеткізу директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Асилбековке жүктелінсін.

5. Жалпы оқу жүктемесінің көлемінде 2021 жылғы 05 тамыздағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № 76 бұйрығындағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың» орындалуы көзделсін.

5.1. Балалар денсаулығын сақтау барысында I, II, III қабаттардағы оқу кабинеттерінде қайнатылған ауызсумен қамтамасыз етілсін. Сынып бөлмелеріндегі ауызсумен қамтамасыз ету жауапкершілігі сынып жетекшілеріне жүктелінсін. I, II, III қабаттардағы сынып бөлмелеріне қайнатылған ауызсуды жеткізу техникалық қызметкерлер А.Байрбекова мен Г.Жумабаеваға жүктелінсін.

5.2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау барысында III, III қабаттардағы ішкі әжетханалардың жұмысы мен тазалығына жауапкершілік техникалық қызметкерлер З.Утебаева мен Н.Ашимоваға жүктелінсін.

5.3. Істен шыққан шамдарға жауапкершілік директордың шаруашылық істері жөніндегі орынбасары А.Тулепбаевқа жүктелінсін.

5.4. Мектепте судың сапасына, жылу режимінің сақталуына, жарық жүйесінің нормада болуына, электро-магниттік өрістің нормадан аспауына бақылау биология пәнінің лаборанты М.Жұматқа жүктелінсін.

Қашықтан оқыту қажет болған жағдайда:

Қашықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы № 547 бұйрығымен толықтырулар енгізілген) бекітілген Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады және қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі айқындалады.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Белгізі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 01-2-15/174-И хатын және Түркістан облысының білім басқармасының 31.08.2023-ғы № 40-01-04/6669 хаты

Мектеп директоры:



Н.Мушатов